

"Алемсистем" қаржы-инвестициялық компаниясының берешегін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 наурыз N 308

Шетелдік қаржы институттарының алдындағы міндеттемелерді республиканың сөзсіз орындауы мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (А.С.Павлов) "Алемсистем" қаржы-инвестициялық компаниясының АҚШ-тың Эксимбанкі алдындағы Alem Bank Kazakhstan-ның кепіліне берілген кредит бойынша қалыптасқан 6 266 314 АҚШ доллары сомасындағы мерзімі өткен берешегін төлесін.

2. Alem Bank Kazakhstan (Е. Баймұратов) 1996 жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде бюджет қаражатын сөзсіз қалпына келтіруді, оның ішінде "Алемсистем" қаржы-инвестициялық компаниясының мүлкін қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен сату есебінен қалпына келтіруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (К.А. Колпаков) және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (А.С. Павлов) Alem Bank Kazakhstan-ның кепіліне "Алемсистем" қаржы-инвестициялық компаниясына кредит бөлу ісі жөніндегі материалдарды, осы жоба бойынша шешім қабылдаған адамдар тарапынан жасалған теріс іс-әрекеттерді анықтау үшін, тергеу органдарына берсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Н.А. Шайкеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі